

Қазақстан Республикасы қол қойған займдар туралы келісімдерден туындайтын халықаралық міндеттемелер жөніндегі құқықтық мұрагерлік туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 12 маусым N 814. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.11.16. N 1558 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2097 Жарлығының 3-тармағына сәйкес және халықаралық қаржы ұйымдарымен және шетелдік донор елдермен кредиттік келісімдерді жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды уақытылы қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі атынан және оның тапсыруы бойынша қол қойылған займдар туралы келісімдерден туындайтын халықаралық міндеттемелер бойынша Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы Шетел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттіктің құқықтық мұрагерлері банктік қызмет көрсету бөлігінде - Қазақстанның мемлекеттік Даму банкі, жоғарыда аталған келісімдерді үйлестіру мен жүзеге асыруға бақылау жасау бөлігінде - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет болып белгіленсін, соның ішінде :

Азиялық даму банкі - 60 млн. АҚШ доллары сомасындағы арнайы жәрдем заемы,

Төлем балансын қолдауға арналған 5 млн. АҚШ доллары сомасындағы Австрия Республикасының заемы,

Төлем балансын қолдауға арналған 3 млн. АҚШ доллары сомасындағы Шведтік кредиттік экспорттық корпорация заемы,

75 млн. АҚШ доллары сомасындағы Жапонияның экспорттық-импорттық банкі заемы,

Халықаралық Қайта құру және Даму банкі:

180 млн. АҚШ доллары сомасындағы оңалту заемы, 38 млн. АҚШ доллары сомасындағы техникалық жәрдем заемы,

40 млн. АҚШ доллары сомасындағы қалалық жолаушылар көлігіне арналған заем.

2. Халықаралық Қайта құру және Даму банкінің мұнай секторы үшін 15,7 млн . АҚШ доллары сомасындағы техникалық жәрдем займына банктік қызмет көрсету жөніндегі агент Қазақстанның мемлекеттік Даму банкі болып белгіленсін.

3. Қазақстанның мемлекеттік Даму банкі - дамудың ресми жәрдемі шеңберіндегі халықаралық қаржы ұйымдары мен донор елдердің займдарына банктік қызмет көрсету жөніндегі агент болып табылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет 1995 жылғы 15 маусымға дейінгі мерзімде жоғарыда аталған займдарды жүзеге асыру жөніндегі барлық қаржылық құжаттарды Қазақстанның мемлекеттік Даму банкіне акті бойынша табыс ететін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстанның мемлекеттік Даму банкімен бірлесіп қабылданған шешімдер туралы шетелдік кредиторларға хабарласын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі